

«Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық колледжі» КМҚК
Тақырыбы: **Ауыл шаруашылығын да цифрланудың пайдасы.**

орандаған: Жеңісбек Ержанат, жетекші: Бергазиев Е.А.

Зерттеу жұмысының өзектілігі:

- Ауыл шаруашылық заманауи техникаларының мәселелерін қарастыру.

Зерттеудің мақсаты:

- Ауыл шаруашылығын да цифрланудың пайдасын анықтау.

Зерттеудің негізгі міндеттері:

- Ауыл шаруашылығын да цифрлануының пайдасын анықтау;
- Колледжде қолданыстағы жаңа техникалардың компьютерлік тұрғыда сипаттап және пайдасын көрсету.

ІТ-технологияның дамуы-Қазақстан экономикасын жылдамдатылған технологиялық тұрғыда жаңғырту алғышарттарының бірі ол ауыл шаруашылығын да цифрлануының пайдасын көрсету.

Әр дәуірдің өз талап-тілегі бар. Жаһандану дәуірі есік қаққалы жұрт жаңа технологияның тілін меңгеруге көшкен. Заманның көшінен қалмау – уақыт талабы. Осы тұрғыда қабылданған «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы технологиялық тұрғыда дамуға қол жеткізеді. Сонымен қатар, ІТ бағдарламалар шығындарды азайтып, уақытты үнемдеуге көмектеседі, адамдар өзара ақпарат, тауар және қызмет түрлерін алмаса алатын болады.



«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы инфрақұрылымды дамытуға, адам капиталы, экономика саласын цифрландыруға және мемлекеттік қызмет көрсету бағытталды. Бағдарламаның 4 негізгі бағыты бар. Бірінші – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, еліміздің транзиттік мүмкіндіктерін арттыру. Екінші бағыт – экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлы технологияны енгізу. Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру. Төртінші – ІТ мамандарды даярлау.

Бағдарламаның басты мақсаты:

– Қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру әрі ұлттық экономиканы цифрландыру.

Ауыл шаруашылығы – Қазақстан Республикасының маңызды салаларының бірі болып келеді. Қазіргі кезде ауыл шаруашылығы саласын цифрландыру қарқынды түрде қолға алынуда. Кез келген шаруа қожалығы бір жерден басқарылатын деңгейге жеткен. Бүкіл ақпарат бір арнадан тарайды. Мамандар мұның тиімді екенін алға тартып келеді. Олардың пікірінше, саладағы өнімділікті арттыру, жұмыс күшін тиімді пайдалану, қаржы үнемдеу цифрландырумен тікелей байланысты.


Заманауи ауыл шаруашылығы төңкерісі еңбек өнімділігі мен өнімділікті арттырумен бірге қол еңбегі мен шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін озық ақпараттық технологияларды (IT) енгізуді көздейді. Сенсорлық жабдықты (далалық сенсорлар, өндірістік үй-жайлардың, ауылшаруашылық жабдықтары мен машиналарының жағдайын бақылауға арналған датчиктер, малдың денсаулығын бақылау датчиктері және т.б.) пайдалану ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының үлкен санына ақпаратты үздіксіз жинау мен талдауға көшуге және үш жүйені біріктіруге мүмкіндік береді.

Мен біздің колледжде ауылшаруашылығында қолданылатын жаңа техникалармен танысып, олардың IT технология бағытында қолданыстарын бақыладым. Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық колледжінде «Жас маман» бағдарламасы бойынша сатып алынған жаңа техникаларға тоқталып өтейін.



Көріп тұрғандарыңыздай бұй комбайын Нью Холланд және трактор Case, бұл комбайында және тракторда GPS навигатор отнатылған, және де ақауларын компьютер арқылы анықтауға болады.

Келесі бұл метиостанция, ерекше тоқталып өтейін. Метиостанция да sim карта орналасқан, ай сайын баланыс салынып отырады. www.fleidclimate.com сайты арқылы біз логин пароль арқылы кіріп көптеген ауа-райы туралы мәліметтер аламыз. Ауа райының температурасын, желдің жылдамдығын, топрақтың ылғалдылығын анықтайды.



Метиостанция

Келесі бұл к700 кировец к744 тракторы. Кировец к744 да GPS навигатор, сенсорлық басқару экраны, автопилот бар.



Алаңда топырақтарды өңдеу үшін белгілі аймақты картада көрсетіп сызып беріп автопилот меңзерін бассақ болғаны трактор өзі жұмыс жасайды.

Ауыл шаруашылығының дамуына болашақта өз үлесімді қосатыныма сенемін.

Қорыта келгенде ІТ технологияларды қолдану ауыл шаруашылығының жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, уақытты үнемдеп, жұмыс қолдарын азайтып, еліміздің алдыңғы қатарда болуына ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

Молодой ученый Международный научный журнал № 18 (360) / 2021.

Электронды ресурстар:

- 1.1. <https://rostec.ru/news/pole-vozmozhnostey-tsifrovye-resheniya-dlya-selskogo-khozyaystva/>
- 1.2. <https://uchitelya.com/pedagogika/170755-prezentaciya-cifrovizaciya-selskogo-hozyaystva.html>
- 1.3. <https://aikyn.kz/142449/auyl-sharuashylygyna-tsifrlandyru-zhett/>
- 1.4. <https://integral-russia.ru/2020/07/30/tsifrovaya-platforma-razvitiya-agropromyshlennogo-kompleksa-kontseptsiya-i-osnovnye-tezisy/>
- 1.5. <https://поле.рф/journal/publication/1214>